

Банк инсайдерлерінің құқықтары мен міндеттері, Банк инсайдерлерінің құқықтарын шектеу¹

Банк инсайдерлерінің келесі құқықтары мен міндеттері бар:

1) Банк инсайдерлерінің Банкпен еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттарда, Банктің ішкі құжаттарында көзделген міндеттерді орындауы үшін қажетті Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар;

2) Банктің инсайдерлері Банктің бағалы қағаздарымен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың осы саясатта белгіленген тәртібін, сондай-ақ осы Саясатта, Банктің өзге ішкі құжаттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында оларға қатысты белгіленген өзге де талаптар мен міндеттерді сақтауға міндетті;

3) Банктің инсайдерлері инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мен таратуға жол бермеу және қорғау үшін өздеріне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті;

4) Банктің инсайдерлері Банктің бағалы қағаздарымен өздері жүзеге асырған операциялар туралы; бағасы осындай бағалы қағаздарға байланысты туынды қаржы құралдары болып табылатын шарттар жасасу туралы Банкке хабарлауға міндетті. Хабарламаларды жіберу тәртібі мен нысаны Банктің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады;

5) Инсайдердің операциялар жасағаны туралы хабарлама Банкке осы Саясатқа 1-қосымшада келтірілген нысан бойынша операция (мәміле) жасалған кезден бастап күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірілмей мынадай тәсілдердің бірімен жіберілуге тиіс:

а) электрондық хат арқылы: insaider@vtb-bank.kz

б) пошта жөнелтімімен;

в) курьер арқылы.

Пошта жөнелтілімі немесе курьерлік жеткізу Банктің орналасқан мекенжайы бойынша жіберілуі тиіс: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Тимирязев к-сі, 26/29.

б) Банктің комплаенс-бақылау және қаржы мониторингі басқармасы Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Инсайдердің операциялар жасағаны туралы барлық алынған хабарламалардың есебін жүргізеді. Алынған хабарламалар туралы ақпарат, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше мерзім белгіленбесе, Инсайдер банк Инсайдерлерінің тізімінен шығарылған күннен бастап 3 (үш) жыл бойы Банкте сақталады.

Банк инсайдерлерінің құқығы жоқ:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

¹ Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Директорлар кеңесінің 27.07.2021 жылғы №28/2021 шешімімен бекітілген Банк ВТБ (Қазақстан) акционерлік қоғамының еншілес ұйымының инсайдерлік ақпаратына билік ету және пайдалану саясатының (бұдан әрі - Саясат) 8 тарауы

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге;

4) осы Саясаттың 6-тарауына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нарықты айла-шарғы жасауға қатысты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

Инсайдерлік ақпаратты ашу ²

1. Инсайдерлік ақпаратты ашу «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабында және эмитенттің (Банктің) ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

2. Банктің инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалану бөлігіндегі ішкі құжаттарын банк мемлекеттік және орыс тілдерінде Банктің интернет-сайтында немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының интернет-ресурсында (эмитенттің (Банктің) бағалы қағаздары сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген және орналасқан жағдайда) не эмитенттің (Банктің) инсайдерлері деп танылған тұлғалар көру үшін қолжетімді жерде орналастырады, сондай-ақ осы тұлғаларға олардың сұрау салуы бойынша беріледі.

3. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабының 2-тармағында көрсетілген, бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында орналастырылады және осындай өзгерістер туындаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

4. Тізбесі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабының 5-тармағында айқындалған Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Саясатта көзделген мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашылады.

5. Инсайдерлік ақпаратты ашу оны интернет - ресурста орналастыру және (немесе) кемінде он бес мың дана таралыммен шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мемлекеттік тілде және орыс тілінде барлық мүдделі адамдар үшін ашық қолжетімділікте таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялау арқылы жүзеге асырылады.

6. Банктің бағалы қағаздарын сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізген кезде Банк және Банктің Инсайдерлерінің тізіміне енгізілген

² Саясаттың 10 тарауы

тұлғалар Банк туралы инсайдерлік ақпаратты және ашылуы олардың құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне ықпал ететін, оларға шығарылған (берілген) бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) сауда-саттықты ұйымдастырушының Ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін ашуды қамтамасыз етеді.

7. Сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде айналыста болған кезде инсайдерлік ақпарат мынадай тәсілдердің бірімен ашылуға тиіс:

1) кең ауқымды тұлғалар арасында инсайдерлік ақпараттың ашылуын болжайтын хабарламалар тізіміне Банктің бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде жіберіледі, одан кейін тізбесі Банктің ішкі құжаттарында айқындалған өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына орналастырылады (таратылады);

2) адамдардың кең ауқымы арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды болжайтын хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының мекенжайына жіберіледі, одан кейін тізімдерінде Банктің бағалы қағаздары енгізілген және тізбесі Банктің ішкі құжаттарында айқындалған өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын (таратылатын) шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының мекенжайына жіберіледі.

8. Инсайдерлік ақпаратты ашу үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесі Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді және келесілер туралы мәліметтерді қамтиды:

- 1) бұқаралық ақпарат құралының атауы;
- 2) баспа басылымының мерзімділігі;
- 3) интернет-ресурстарға жүгіну мекенжайлары;
- 4) бұқаралық ақпарат құралы туралы кез келген мүдделі тұлғаларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер.

9. Банк инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және пайдалануға қатысты Банктің ішкі құжаттарының көшірмелерін ұсынғаны үшін оларды дайындауға арналған шығыстардың шамасынан аспайтын мөлшерде төлемақыны қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарымен танысуға еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

10. Инсайдерлік ақпаратты ашу Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тізбеге кіретін бұқаралық ақпарат құралдарында жүзеге асырылады.

11. Оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларында ашу мерзімдері айқындалмаған инсайдерлік ақпаратты ашу мерзімдері Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

12. Инсайдерлік ақпаратты Банктің ішкі құжаттарында белгіленген инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және пайдалануға қатысты бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (жариялау) арқылы ашу кезінде инсайдерлік ақпаратты бұқаралық ақпарат құралында бірінші

орналастыру (жариялау) күні инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып есептеледі.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тәртібі және оған билік ету мен оны пайдалануды бақылау³

Инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Банк мынадай іс-шараларды, оның ішінде, бірақ олар бойынша іс-шаралармен шектелмей, өткізуді ұйымдастырады:

1) Егер осы ақпарат банктің мүлдіктік және қаржылық жағдайы үшін салдарларға байланысты банк шығарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер ете алатын болса, уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда оның қызметіне қатысты және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашу;

2) инсайдерлік ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға қатысты Банктің ішкі құжаттарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Банк қызметкерлерінің Банктің осы ішкі құжаттары талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

3) міндетіне Банктің және оның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және пайдалануға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыру кіретін құрылымдық бөлімше құру не лауазымды адамды тағайындау кезінде, бұл ретте мұндай құрылымдық бөлімшенің не лауазымды адамның жүзеге асырылатын функционалдық міндеттерімен мүдделер қақтығысы болмауға тиіс;

4) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабы 3-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін жүргізу және оларды өзекті күйде ұстау;

5) Саясаттың осы тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген тұлғаларды олардың тізімге (тізімнен) енгізілгені (шығарылғаны) туралы хабардар етуге, аталған тұлғаларды Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының Инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалану бөлігіндегі талаптары туралы хабардар етуге міндетті;

6) Саясаттың осы тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген тұлғаларды тізімін оның талап етуі бойынша уәкілетті мемлекеттік органға ұсыну;

7) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыру.

³ Саясаттың 11 тарауы

Инсайдерлердің Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығын шектеу ⁴

1. Банк акционерлері Банктің Жарғысында көрсетілген құқықтар мен міндеттер шеңберінде Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге құқылы.
2. Банктің лауазымды тұлғалары өз ережелері мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына жалпы қол жеткізуге құқылы.
3. Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, Банктің ішкі құжаттарында, Банктің еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттарында көзделген лауазымдық міндеттері шеңберінде инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар.
4. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабы 3-тармағының 3)-5), 7)-9) тармақшаларында санамаланған тұлғалардың жасалған шарттар және/немесе келісімдер шеңберінде немесе өзге де заңды негіздер бойынша Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге құқығы бар.
5. Банк Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына (қызметшілеріне) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен өз құзыреті шегінде инсайдерлік ақпаратты ашады.
6. Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алмайтын, бірақ аталған ақпаратты алған кез келген тұлға Банктің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тыйымдарды сақтауға міндетті.
7. Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген тыйым салуларды сақтауға міндетті.
8. Банктің инсайдерлері инсайдерлік ақпаратты Банктің мүддесі үшін ғана және Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға міндетті.

Банктің инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалануға жол бермеу ⁵

Көрсетілген шарттардың негізінде Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге құқығы бар заңды және/немесе жеке тұлғалармен шарттар жасасу кезінде көрсетілген шарттарға міндетті түрде инсайдерлік ақпаратты пайдалану тәртібі туралы, сондай-ақ көрсетілген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары туралы ережелер және аталған тұлғалардың

⁴ Банк ВТБ (Қазақстан) акционерлік қоғамының еншілес ұйымына инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды ішкі бақылау Ережелерінің (бұдан әрі – ЕРЕЖЕЛЕР) 3-тарауы

⁵ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ 4 тарауы

инсайдерлік ақпарат бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау міндеті енгізіледі. Көрсетілген шарттар негізінде Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге құқығы бар заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезінде көрсетілген шарттарға саясаттың 51-тармағында бекітілген міндет міндетті түрде енгізіледі.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға жол бермеу мақсатына қол жеткізу үшін Банк инсайдерлік ақпаратты саясатқа сәйкес заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған барлық қажетті іс-әрекеттерді, оның ішінде:

1) Банк қызметкерлеріне, Банктің лауазымды адамдарына, сондай-ақ азаматтық-құқықтық не еңбек қатынастарына байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар өзге де адамдарға инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын беруге (құқықтан айыруға және/немесе құқықты шектеуге) құқылы;

2) инсайдерлік ақпарат тасымалдаушыларын (қолжазбалар, жазбалар, сызбалар, магниттік таспалар, дискілер, дискеталар, принтерлердегі басып шығарулар, кинофотонегативтер мен позитивтер, модельдер, материалдар және т. б.) айқындау және осындай тасымалдағыштар айналысының ерекше ережелерін белгілеу;

3) инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуді болғызбайтын және байланыс арналары бойынша инсайдерлік ақпараттың айналысын шектейтін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету құралдарын (электрондық поштаны және «Интернет» желісін қоса алғанда) пайдалануға тыйым салынады;

4) ашуға жатпайтын және Банктің сақтауына жатпайтын инсайдерлік ақпараты бар тасымалдағыштарды жоюға құқығы бар.

Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу тәсілдері мен нысандары.⁶

Инсайдерлік ақпарат келесі жолмен ашылуы мүмкін:

1) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

2) Банктің Интернет сайтында орналастыру;

3) қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді;

4) қор биржасының Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) ақпаратқа (құжаттарға) қол жеткізу және олардың көшірмелерін мүдделі тұлғаларға олардың тиісті және заңды сұрау салуы бойынша тарату болып табылады;

6) Банктің лауазымды тұлғаларының мүдделі тұлғалармен сұхбаттары, баспасөз конференциялары және кездесулері.

Инсайдерлік ақпаратты ашу мыналарды қоса алғанда, бірақ шектемей, мынадай нысандармен жүзеге асырылады:

⁶ Ережелердің 5 тарауы

- 1) баспасөз хабарламалары;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру орналастыру;
- 3) Банктің мерзімді есептері;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банктің мерзімді қаржылық есептілігі;
- 5) мемлекеттік органдармен және/немесе уәкілетті мемлекеттік органмен хат алмасу.

Банктің инсайдерлік ақпараты осы Ережелерге 1-Қосымшада көрсетілген баспа бұқаралық ақпарат құралдарының бірінде ашылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, инсайдерлік ақпаратты бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында ашуға (орналастыруға/ жариялауға) жол беріледі.

Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау ⁷

Банк инсайдерлік ақпаратты қорғауды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Инсайдерлік ақпаратты ашу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелерге және Банктің өзге ішкі құжаттарына сәйкес инсайдерлік ақпаратты таратқан тұлғаларға жүктеледі.

Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау инсайдерлік ақпаратты бақылауды қамтамасыз етуді, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар тобын шектеуді, осындай ақпаратты пайдалану фактілерін анықтауды, инсайдерлік ақпаратты заңсыз ашқан жағдайда кінәлілерді жауапқа тартуды қамтиды.

Инсайдерлік ақпаратты таныстыру, иелену, пайдалану кезінде Инсайдер немесе Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алмайтын, бірақ аталған ақпаратты алған тұлға оның құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Банк инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың белгіленген құпиялылық режимін сақтауы үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шарттарды қамтамасыз етеді.

Банктегі инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге Банктің Басқарма төрағасы жауапты болып табылады.

Инсайдерлік ақпаратқа, оның ішінде инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге тікелей бақылау Банктің инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Инсайдерлік ақпаратты сақтау құжаттарды сақтауға арналған шкафтармен және/немесе бекіту құрылғылары жүйесімен және (немесе) осы

⁷ Ережелердің 6 тарауы

үй-жайларға бақылаусыз кіру және (немесе) банктің уәкілетті емес қызметкерлерін қоса алғанда, клиенттер мен өзге де бөгде адамдардың Банктің компьютерлеріне қол жеткізу мүмкіндігін болдырмайтын жеке кілт карточкаларымен жабылатын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің үй-жайларында жүзеге асырылады.

Қағаз жеткізгіштердегі инсайдерлік ақпарат Банкте құлыпталатын шкафтарда және (немесе) сейфтерде сақталады, олардың кілттері Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларында немесе оларды алмастыратын тұлғаларда сақталады.

Электрондық тасығыштардағы инсайдерлік ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Банк қызметкерлердің банктің жергілікті желісінің желілік ресурстарына қол жеткізуін шектеу жүйесін айқындайды, икемді магниттік немесе компакт-дискілердегі жинақтағыштармен, электрондық поштамен және «Интернет» желісімен жұмыс істеуге рұқсат беру жүйесін белгілейді, сыртқы желілерге жіберілетін ақпаратты қорғау жүйесін қамтамасыз етеді.

Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты мәліметтері бар құжаттар банкте қабылданған құжат айналымы тәртібіне сәйкес ресімделеді және есепке алынады.

Банк инсайдерлері ұсынатын ақпарат, сондай-ақ Банк инсайдерлерінің тізімдері құпия сипатта болады. Осы мәліметтерді заңсыз пайдаланғаны және таратқаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жауапты болады.